

## Қазақстан Республикасының орта кәсіптік оқу орындарына қабылдаудың Үлгі ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2000 жылғы 10 шілдедегі N 707. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 22 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1245. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі N 244 (V053627) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес Бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының орта кәсіптік оқу орындарына қабылдаудың Үлгі ережесі бекітілсін (қосымша).

2. Облыстық, Астана және Алматы қалалық білім басқармалары (департаменттері) осы бұйрықты меншік нысандарына қарамастан барлық орта кәсіптік оқу орындарына жеткізсін.

3. Бастауыш және орта кәсіптік білім департаменті (Қ. Лекер) белгіленген тәртіпте осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінен тіркеуден өткізсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді.

**Ескерту: Бұйрықтың кіріспесіне өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 327 қаулысымен.**

*Министрдің міндетін*

*атқарушы*

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым  
министрлігінің  
10 шілде 2000 ж. N 707  
бұйрығына қосымша

### **Қазақстан Республикасының орта кәсіптік оқу орындарына қабылдаудың Үлгі ережесі**

1. Қазақстан Республикасының кәсіптік орта оқу орындарына Қазақстан Республикасының азаматтары; Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарымен жасалған халықаралық шарттар, келісімдер, сондай-ақ келісім

шарттар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар; жалпы негізгі, жалпы орта немесе кәсіптік бастауыш білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын қазақ ұлтының адамдары қабылданады.

Кәсіптік орта оқу орындарына басқа шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдермен қабылданады.

**Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 16 мамырдағы N 393 бұйрығымен .**

**Ескерту: 1-тармақ өзгерді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 364 бұйрығымен .**

1-1. Кәсіптік орта білім беретін оқу орындарына қабылдау кезінде мемлекеттік тапсырыстан ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар үшін 1-қосымшаға сәйкес ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша 30 пайыз, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға 2 пайыз мөлшерінде квота белгіленеді. < \* >

**Ескерту: 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 15 наурыздағы N 157 бұйрығымен .**

**Ескерту: 1-1-тармақ өзгерді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 364 бұйрығымен .**

1-2. Қазақстан Республикасының азаматтарын мемлекеттік құпиямен жұмыс істеуді талап ететін кәсіптік орта білім берудің жекелеген мамандықтары бойынша қабылдау 2-қосымшаға сәйкес, мамандандырылған мемлекеттік кәсіптік орта оқу орындарында және кәсіптік орта білім беретін басқа да мемлекеттік оқу орындарының мамандандырылған бөлімдерінде ғана жүзеге асырылады. < \* >

**Ескерту: 1-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 364 бұйрығымен .**

1-3. Азаматтарды қабылдау тәртібін: кәсіптік бастауыш білімі барларды қысқартылған, жеделдетілген бағдарламалар бойынша оқуға; кәсіптік орта білімі барларды ақылы негіздегі қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға, екінші кәсіптік орта білім алу үшін кәсіптік орта білім беретін оқу орындарының қабылдау комиссиялары белгілейді. <\*>

**Ескерту: 1-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 364 бұйрығымен .**

2. Орта кәсіптік оқу орындарына оқуға түсушілер қабылдау туралы өтінішіне білімі туралы құжатының түпнұсқасын, N 0-86 үлгі бойынша дәрігерлік анықтамасын ( I және II топтағы мүгедектер үшін және балалық шақтан мүгедек - дәрігерлік-санитарлық сарапшы комиссияларының қорытындысы), 3x4 мөлшері 4 суретін, ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелерінің сертификаты (бұдан әрі - ҰБТ сертификаты) қоса тіркейді. Еңбек өтілі барлар куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесін қоса тіркейді.

Талапкерлер жеке басының куәлігін, төлқұжатын немесе тууы туралы куәлігін немесе оның орнын ауыстыруға болатын құжатын көрсетеді.

Келісім (ақылы) негізінде оқуға түсушілердің өтініштері жеке тіркеледі және е с е п т е л е д і .

**Ескерту: 2-тармаққа өзгерту, толықтыру енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 16 мамырдағы N 393 бұйрығымен , 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 327 қаулысымен .**

2-1. Жалпы негізгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш білімі бар азаматтарды кәсіптік орта оқу орындарына қабылдау азаматтардың өтініші бойынша конкурстық сынақ емтихандардың балдары немесе ҰБТ сертификатында көрсетілген балдар негізде жасалады.

**Ескерту: 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 327 қаулысымен .**

3. Кәсіптік оқу орнында қабылдау мәселелерін шешу үшін қабылдау комиссиясы ұйымдастырылады, ол өзінің жұмысын маусымнан кешікпей бастауы керек.

3-1. Кәсіптік орта оқу орындарына түсетін азаматтардан өтініштер қабылдау 20 маусымнан 20 тамызға дейін, кешкі және сырттай оқу нысандарына 15 қыркүйекке дейін жүргізіледі. Сырттай оқу нысаны бойынша түсу емтихандары 2 шілдеден 28 шілдеге дейін, кешкі және сырттай оқу нысандарына 25 қыркүйекке дейін жүргізіледі.

Мәдениет пен өнер мамандықтары (0604002, 0605002, 0606002, 0607002, 0608002, 0609002, 0610002, 0611002, 0612002, 0613002, 0614002, 0615002, 0616002, 0619002, 0630002, 0639002, 0640002) бойынша өтініштер қабылдау 20 шілдеге дейін, арнайы (шығармашылық) емтихандар 21 шілдеден 28 шілдеге дейін жүргізіледі. < \* >

**Ескерту: 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 15 наурыздағы N 157 бұйрығымен .**

**Ескерту: 3-1-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 364 бұйрығымен , 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 327 қаулысымен .**

4. Азаматтарды қабылдау түсу емтихандары аяқталғаннан кейін және күндізгі оқу нысанына түсетіндер үшін 25 тамыздан 30 тамызға дейін, кешкі және сырттай оқу нысанына түсетіндер үшін 15 қыркүйектен 30 қыркүйекке дейін жүргізіледі. < \* >

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 16 мамырдағы N 393 бұйрығымен , 2003 жылғы 15 наурыздағы N 157 бұйрығымен .

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 364 бұйрығымен , 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 327 қаулысымен .

5. Колледждерге түсушілер қабылдау емтихандарын мемлекеттік тілде немесе ресми қолданылатын тілде тапсыруға құқығы бар.

Ескерту: 5-тармақ өзгертілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 15 наурыздағы N 157 бұйрығымен .

6. Қабылдау емтихандарының түрін (тестілеу немесе емтихан билеттері мен тапсырмалары бойынша) оқу орны шешеді.

7. Жалпы орта білімі бар азаматтар үшін түсу емтихандары жалпы орта білімнің оқу бағдарламалары көлемінде - үш пән, ал жалпы негізгі білімі бар азаматтар үшін жалпы негізгі білімнің оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша жүргізіледі. < \* >

Міндетті түсу емтихандарының тізбесіне жалпы негізгі білімі бар тұлғалар үшін қазақ немесе орыс тілдері, ал жалпы орта білімі бар тұлғалар үшін қазақ немесе орыс тілдері және Қазақстан тарихы енгізіледі. Арнайы немесе шығармашылық емтихандар (2-ден көп емес) талапкерлердің таңдауына байланысты мамандықтардың ерекшеліктеріне қарай белгіленіп, түсу емтихандарының алдында орта кәсіптік оқу орындары бекіткен бағдарлама бойынша жүргізіледі

Тестілеу кезінде әрбір пән бойынша 30 сұрақтан болады. Тест тапсырмасының әрбір дұрыс жауабына 1 ұпай саны беріледі. Арнайы және шығармашылық пәндерден алған "3", "4", "5" деген бағаларды қабылдау комиссиясы тиісті ұпай сандарына ауыстырады. Мемлекеттік тапсырыс бойынша тест сынағынан жалпы саны 30 баллдан кем жинаған азаматтар оқушылар қатарына қабылданбайды .

Кешенді тестілеуге үш пәннен 1,5 ал екі пәннен 1 астрономиялық сағат бөлінеді .

Дұрыс жауаптардың коды тестілеу біткеннен кейін бірден ілінеді. Кешенді тестілеудің нәтижелері ол өткізілген күні жарияланады. <\*>

Жалпы білім беретін мектепте немесе кәсіптік мектепте /лицейлерде/ шетел тілін меңгермеген Азаматтар ол мамандық бойынша белгіленген негізгі пән

болып табылмаса, колледждің қабылдау комиссиясы белгілеген басқа пәннен тапсырады . < \* >

Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 16 мамырдағы N 393 бұйрығымен , 2003 жылғы 15 наурыздағы N 157 бұйрығымен , 2003 жылғы 30 мамырдағы N 364 бұйрығымен , 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 327 қаулысымен .

8. Көрсеткіштері бірдей болған жағдайда (растайтын құжаттары болған жағдайда): жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, медициналық-әлеуметтік сараптама комиссияларының қорытындысы бойынша орта кәсіптік оқу орындарында оқуға болатын I, II топтағы мүгедектер мен бала кезден мүгедектерге және үздік білімі туралы құжаты бар азаматтарға оқуға қабылдаудың артықшылық құқығы беріледі (куәліктер, аттестаттар, дипломдар). < \* >

Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 364 бұйрығымен .

9. Орта кәсіптік оқу орнымен бір оқу-тәрбие кешеніне немесе ғылыми-өндірістік-оқу бірлестікке (ассоциация) кіретін мектептер мен кәсіптік мектептердің (лицейлердің) емтихан комиссияларының құрамына орта кәсіптік оқу орнының оқытушылары енгізілген жағдайда олардың бітіру емтихандарының нәтижелері қабылдау емтихандарына теңгеріледі.

10. Арнайы немесе шығармашылық емтихандардан "екі" деген баға алған тұлғалар немесе себепсіз емтиханға келмегендер қалған емтихандарға жіберілмейді.

11. Қабылдау емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

11-1. Қабылдау емтихандарының нәтижелерімен келіспеген азамат шағым беруге құқылы .

Шағым қабылдау комиссиясына қабылдау емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін беріледі және оны бір тәулік ішінде шағым комиссиясы қарайды .

Ескерту: 11-1-тармақпен толықтырылды, өзгертілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 16 мамырдағы N 393 бұйрығымен , 2003 жылғы 15 наурыздағы N 157 бұйрығымен .

12. Орта кәсіптік оқу орындарына оқушылар қатарына қабылдау комиссиясының ашық мәжілісінде мамандықтар, бөлімдер, оқыту тілі бойынша жеке жүргізіледі .

Қабылдаудың осы Үлгі тәртібіне сәйкес қабылдануға жеңілдік құқығы бар талапкерлер тиісті құжаттарын тапсырады.

Қабылдау емтихандарынан жинаған ұпайлары тең болған жағдайда артықшылық :

ең бірінші кезекте жалпы орта мектепті (лицейді) үздік аттестатпен және кәсіптік мектепті орта мектептің негізгі сатысында үздік дипломмен бітіргендерге беріледі. Бұл тәртіп кәсіптік мектептерді (лицейлерді) жалпы білім беретін мектептің жоғары сатысы негізінде үздік бітіргендерге, алған кәсібіне сәйкес мамандыққа түскен жағдайда қолданылады.

**Ескерту: 12-тармақ өзгерді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 364 бұйрығымен .**

13. Орта кәсіптік оқу орны Қазақстан Республикасының орта кәсіптік оқу орындарына қабылдаудың осы Үлгі Ережесіне сәйкес өздерінің нақты қабылдау Тәртібін меншік нысандарына, үлгілері мен түрлеріне қарамастан білім беру ұйымдары әзірлейді, білім беру ұйымдары құрылтайшыларымен келіседі, құжат қабылдаудан бір ай бұрын баспасөз бетінде жариялайды.

14. Қабылдау тәртібі туралы мәлімдеме, сонымен бірге қабылдау жұмысын ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі қабылдау комиссиясының шешімі, емтихандар кестесі, оқушылар қатарына қабылдау мерзімі түсушілердің назарына уақтылы жеткізілуі тиіс.

15. Орта кәсіптік оқу орындары аймақтарда көшпелі комиссиялардың қабылдау емтихандарын меншік нысандарына, үлгілері мен түрлеріне қарамастан білім беру ұйымдарының құрылтайшыларымен келісіп ұйымдастырады.

16. Орта кәсіптік оқу орнының қабылдау комиссияларына кешенді тестілеуге қатысқан, басқа колледждерге (училищелерге) және жоғары оқу орындарына конкурстан өтпеген тұлғаларды белгіленген үлгідегі мемлекеттік сертификаттар негізінде қабылдауды жүзеге асыру құқығы беріледі.

**Ескерту: 16-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 327 қаулысымен .**

17. Барлық орта кәсіптік оқу орындары облыстық, Астана және Алматы қалалық білім басқармаларына (департаменттеріне) белгіленген үлгі мен мерзімде жедел статистикалық, ал қабылдау біткеннен кейін он күн мерзім ішінде колледжге қабылдауды ұйымдастыру мен өткізудің жиынтық мәтіндік нысандағы есептерін береді.

Облыстық, Астана және Алматы қалалық білім басқармалары (департаменттері) белгіленген үлгіде 1 қазанға дейін қабылдаудың қорытындылары туралы есепті жинақтап, қорытып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне тапсырады.

18. Қабылдаудың осы Үлгі тәртібінде кесімделмеген мәселелерді колледждердің қабылдау комиссиялары өздері шешеді.

